



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**ҚОНАЕВ
ДІНМҰХАМЕД
АХМЕТҰЛЫ**





С. Г. Минаев

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясы

**ҚОНАЕВ ДІНМҰХАМЕД
АХМЕТҰЛЫ**

Алматы

2011

УДК 01+323/324

ББК 91.9:66

Қ 91

Қ 91 Қонаев Дінмұхамед Ахметұлы. Библиографиялық көрсеткіш / Құраст. Ш. Ұларбек. Бас. ред.: К. Нұрпейіс, ҚР ҰҒА академигі, Т. Қожамқұлов, профессор. Жауапты ред. Қ.Е.Қаймакбаева, ОҒК директоры. Библиогр. ред.: Т.В. Вдовухина, Г.И. Белгібаева, А.С. Серік. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2011. – 296 б.: сур. [«Қазақстан ғалымдарының библиографиясы» сериясы].

ISBN 978-601-7254-35-3

УДК 01+323 /324

ББК 91.9.66

ISBN 978-601-7254-35-3

**© Орталық ғылыми
кітапхана, 2011**

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ НАУК
ЦЕНТРАЛЬНАЯ НАУЧНАЯ БИБЛИОТЕКА

Биобиблиография ученых Казахстана

**КУНАЕВ ДИНМУХАМЕД
АХМЕДОВИЧ**

**Алматы
2011**

УДК 01+323/324

ББК 91.9:66

К 91

К 91 Кунаев Динмухамед Ахмедович. Биобиблиографический указатель / Сост. Ш. Уларбек. Глав ред.: К. Нурпеис, академик НАН РК, Т. Кожамкулов, профессор. Отв. ред. К.Е. Каймакбаева, директор ЦНБ. Библиогр. ред.: Т.В. Вдовухина, Г.И. Бельгибаева, А.С. Серик. – Алматы: Центральная научная библиотека, 2011. – 296 с.: портр. [Серия «Биобиблиография ученых Казахстана»].

ISBN 978-601-7254-35-3

УДК 01+323/324

ББК 91.9:66

ISBN 978-601-7254-35-3

**© Центральная научная
библиотека, 2011**

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
CENTRAL SCIENTIFIC LIBRARY

Biobibliography of scientists of Kazakhstan

KUNAYEV DINMUKHAMED
AKHMEDOVICH

Almaty
2011

UDK 01+323/324

ББК 91.9:66

К 91

К 91 Kunayev Dinmukhamed Akhmedovich. Biobibliographic index / Compiled by Sh. Ularbek. Editors-in-chief.: K. Nurpeis, academician of NAS of RK, T. Kozhamkulov, professor. Executive editor K.E. Kaimakbayeva, director of CSL. Bibliogr. editors: T.V.Vdovukhina, G.I. Belgibayeva, A.S. Serik. – Almaty: Central Scientific Library, 2011. – 296 p.: portr. [Series of «Biobibliography of Kazakhstan scientists»].

ISBN 978-601-7254-35-3

UDK01+323/324

ББК 91.9:66

ISBN 978-601-7254-35-3

**© Central Scientific
Library, 2011**

ОҚЫРМАНДАРҒА

Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясы сериясының жалғасы болып табылатын бұл көрсеткіш Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа арналған.

Биобиблиографияға Д.А. Қонаевтың өмірі мен еңбектерін сипаттайтын мәліметтер, оның еңбектері және ол туралы әдебиеттер енгізілді.

Көрсеткіш материалы хронологиялық тәртіппен орналасқан, әр жылдың көлемінде әліпби ретімен алдымен қазақ, одан соң орыс тілінде және басқа тілдерде жарияланған еңбектері беріліп отыр.

Еңбектердің әліпбилік және бірлесіп жазған авторлардың есім көрсеткіштеріндегі сілтемелер хронологиялық көрсеткіштегі еңбектердің рет нөмірімен берілген.

К ЧИТАТЕЛЯМ

Предлагаемый указатель – продолжение серии Биобиблиография ученых Казахстана – посвящен видному государственному деятелю, трижды Герою Социалистического Труда, академику Национальной академии наук РК, доктору технических наук Динмухамеду Ахмедовичу Кунаеву.

Биобиблиография включает материалы, характеризующие жизнь и деятельность Д.А. Кунаева, его публикации и литературу о нем.

Материалы в указателе расположены в хронологическом порядке, в пределах каждого года – по алфавиту: вначале идут работы, опубликованные на казахском, затем на русском и других языках.

В алфавитном указателе трудов и именном указателе соавторов ссылки даются на порядковые номера работ, помещенных в хронологическом указателе трудов.

TO READERS

The present index in the series of Biobibliography of scientists of Kazakhstan is devoted to the distinguished state figure, three times Hero of Socialist Labour, academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, doctor of technical sciences Dinmukhamed Akhmedovich Kunayev.

The biobibliography includes materials that characterize life and activities of D.A. Kunayev, his publications and literature about him.

Materials are placed in chronological and alphabetical order within each year: at first there are works in Kazakh, then in Russian and other languages.

References in the alphabetical index of works and in the index of co-authors regard the ordinal numbers of works placed in the chronological index.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ
ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ
Д.А. ҚОНАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ
НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ**

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев 1912 жылғы 12 қаңтарда Алматы қаласында туған.

1930 ж. Алматы қаласында орта мектепті бітірді.

1931-1936 жж. Мәскеу қаласының М.И. Калинин атындағы түсті металдар және алтын институты кен факультетінің студенті.

1939 ж. КОКП мүшелігіне өтті.

1939-1942 жж. Балкаш мыс қорыту комбинатының Қоңырат руднигі (бұрғылау станогының машинисі, шебері, смена инженері, учаске бастығы, бас инженер, рудник директоры). Алтайполиметалл комбинаты – бас инженердің орынбасары және техникалық бөлімнің бастығы. Риддер руднигінің, Лениногор кен басқармасының директоры.

1942-1952 жж. Қазақ КСР Халық Комиссарлары Советі Председателінің орынбасары (кейіннен мемлекеттік аппараттың қайта құрылуына байланысты Қазақ КСР Министрлер кеңесі).

1947 ж. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты (екінші шақырылған).

– Қоңырат руднигі жағдайында бұрғылау-жару жұмысын жүргізудің неғұрлым тиімді әдістерін анықтау тақырыбында техника ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады.

1948 ж. Техника ғылымының кандидаты ғылыми атағы бекітілді.

1949 ж. Қазақстан К(б)П ОК мүшелігіне кандидат.

1949-1986 жж. Қазақстан КП IV-XXVI съездерінің делегаты.

1950-1986 жж. КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты (3-ІІ шақырылған).

1951 ж. Қазақстан К(б)П ОК, кейіннен Қазақстан Компартиясы ОК мүшесі.

1952 ж. Қазақ КСР Ғылым академиясының толық мүшесі (академигі).

1952-1955 жж. Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті.

1952-1986 жж. КОКП XIX-XXVII съездерінің делегаты.

1955-1960 жж. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Председателі.

1956 ж. КОКП ОК мүшесі.

1960-1962 жж. Қазақстан КП ОК-нің Бірінші секретары.

– Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының мүшесі.

1962-1964 жж. Қазақ КСР Министрлер кеңесінің Председателі.

1962-1986 жж. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының мүшесі.

1964-1986 жж. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының мүшесі.

– Қазақстан КП ОК-нің Бірінші секретары.

1966-1971 жж. КОКП ОК Саяси Бюросының мүшелігіне кандидат.

1968 ж. Техника ғылымының докторы.

1971-1986 жж. КОКП ОК Саяси Бюросының мүшесі.

1993 ж. 22 тамыз. Д.А. Қонаев қайтыс болды.

МАРАПАТТАРЫ

Үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, 6 мәрте Ленин орденімен, Еңбек Қызыл Ту орденімен, КСРО-ның басқа да ордендерімен және медальдарымен марапатталды. Бірқатар шетелдердің марапаттарына ие болды.

ОСНОВНЫЕ ДАТЫ ЖИЗНИ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АКАДЕМИКА НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Д.А. КУНАЕВА

Динмухамед Ахмедович Кунаев родился 12 января 1912 года в г. Алма-Ате.

1930 г. Окончил среднюю школу в г. Алма-Ате.

1931-1936 гг. Студент горного факультета Института цветных металлов и золота им. М.И. Калинина в г. Москве.

1939 г. Вступил в члены КПСС.

1939-1942 гг. Коунрадский рудник Балхашского медеплавильного комбината (машинист бурового станка, мастер, сменный инженер, начальник участка, главный инженер, директор рудника). Комбинат Алтайполиметалл (заместитель главного инженера и начальник технического отдела, директор Риддерского рудника, затем Лениногорского рудоуправления).

1942-1952 гг. Заместитель Председателя Совета народных комиссаров Казахской ССР (впоследствии в связи с преобразованием – заместитель Председателя Совета Министров Казахской ССР).

1947 г. Депутат Верховного Совета Казахской ССР (второго созыва).

– Защита диссертации на соискание ученой степени кандидата технических наук на тему Определение наиболее эффективного метода ведения буровзрывных работ в условиях Коунрадского рудника. Алма-Ата.

1948 г. Кандидат технических наук.

1949 г. Кандидат в члены ЦК КП(б) Казахстана.

1949-1986 гг. Делегат IV-XXVI съездов Компартии Казахстана.

1950-1986 гг. Депутат Верховного Совета СССР (с 3 по 11 созыв).

1951 г. Член ЦК КП(б) Казахстана, впоследствии ЦК Компартии Казахстана.

1952 г. Действительный член (академик) Академии наук Казахской ССР.

1952-1955 гг. Президент Академии наук Казахской ССР.

1952-1986 гг. Делегат XIX-XXVII съездов КПСС.

1955-1960 гг. Председатель Совета Министров Казахской ССР.

1956 г. Член ЦК КПСС.

1960-1962 гг. Первый секретарь ЦК Компартии Казахстана.

– Член Президиума Верховного Совета Казахской ССР.

1962-1964 гг. Председатель Совета Министров Казахской ССР.

1962-1986 гг. Член Президиума Верховного Совета СССР.

1964-1986 гг. Член Президиума Верховного Совета Казахской ССР.

– Первый секретарь ЦК Компартии Казахстана.

1966-1971 гг. Кандидат в члены Политбюро ЦК КПСС.

1968 г. Доктор технических наук.

1971-1986 гг. Член Политбюро ЦК КПСС.

1993 г. 22 августа. Кончина Д.А. Кунаева.

НАГРАДЫ

Трижды Герой Социалистического Труда, награжден 6 орденами Ленина, орденом Трудового Красного Знамени, другими орденами и медалями СССР, удостоен ряда зарубежных наград.

**THE MAIN DATES OF LIFE AND ACTIVITY OF
ACADEMICIAN OF THE NATIONAL ACADEMY OF
SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
D.A. KUNAYEV**

D.A. Kunayev was born on January, 12, 1912 in Alma-Ata.

1930. Left a secondary school in Alma-Ata.

1931-1936. Student of mining faculty of the Institute of Non-Ferrous metals and Gold, named after M.I. Kalinin in Moscow.

1939. Joined the Communist Party of USSR.

1939-1942. Kounrad mine of the Balkhash copper-smelting works (machinist of boring machine, master, shift engineer, head of ground, chief engineer, director of mine). Group of enterprises Altaipolymetal (deputy chief engineer and head of technical department, director of Ridder mine then Leninogorsk ore administration).

1942-1952. Vice-president of the Council of People's Komissars (then Vice-president of the Council of Ministers of the Kazakh SSR).

1947. Deputy of the Supreme Soviet of the Kazakh SSR (of the second convocation).

1948. Candidate of engineering.

1949. Candidate in members of the Central Committee of the Communist Party of Kazakhstan.

1949-1986. Delegate at IV-XXVI Congresses of the Communist Party of Kazakhstan.

1950-1986. Deputy of the Supreme Soviet of USSR (from the third to eleventh convocation).

1951. Member of the Central Committee of the Communist Party of Kazakhstan.

1952. Full member (academician) of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR.

1952-1955. President of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR.

1952-1986. Delegate at XIX-XXVII Congresses of CPSU.

1955-1960. Chairman of the Council of Ministers of the Kazakh SSR.

1956. Member of the Central Committee of CPSU.

1960-1962. First Secretary of the Communist Party of Kazakhstan.

– Member of the Presidium of the Supreme Soviet of the Kazakh SSR.

1962-1964. Chairman of the Council of Ministers of the Kazakh SSR.

1962-1986. Member of the Presidium of the Supreme Soviet of USSR.

1964-1986. Member of the Presidium of the Supreme Soviet of the Kazakh SSR.

– First Secretary of the Central Committee of the Communist Party of Kazakhstan.

1966-1971. Candidate in members of the Political Bureau of the Communist Party of CPSU.

1968. Doctor of engineering.

1971-1986. Member of the Political Bureau of the Communist Party of CPSU.

August 22, 1993. Decease of D.A. Kunayev.

Awards

D.A. Kunayev is three times Hero of Socialist Labor, is awarded 6 Orders of Lenin, Order of the Red Banner and other medals of USSR, has a number of foreign awards.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ
ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ
Д.А. ҚОНАЕВТЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ
ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ
ҚЫСҚАША ОЧЕРКІ**

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев бақытты да ұзақ өмір сүрді, 82 жасында бұл дүниеден өтті. 45 жылға жуық ел ағасы ретінде республикадағы мемлекеттік және саяси биліктің шыңында болды.

Д.А. Қонаев 1912 жылы 12 қаңтарда Верный (қазіргі Алматы) қаласында Меңліахмет Жұмабайұлының отбасында дүниеге келді. Атасы, ауыл мұғалімі Жұмабай 1904 жылы Түркия арқылы Сауд Аравиясындағы Мекке мен Мединаға барып қажылық парызын өтеді. Ол кісінің қажылық мерзімі 8 айға созылып, 1905 жылы Үнді және Ауғанстан арқылы елге оралады.

1931 жылы мектепті бітіргеннен кейін Д.А. Қонаев Қазақстан өлкелік комсомол комитетінің жолдауымен Мәскеудегі әлемге әйгілі Түсті металдар және алтын институтына оқуға түсті. Тау-кен факультетінде оқып жүріп өзінің саяси және мәдени ой-өрісін толықтырумен айналысады. Сол кездегі Кеңес Одағы астанасының мәдени және саяси өмірінде болып жатқан өзгерістерге барынша зейін қояды.

Д.А. Қонаевтың Мәскеудегі алғашқы оқу жылдары Кеңес Одағының және Қазақстанның адам айтқысыз қиынқыстау кезеңіне дәл келді. Бұл кезең аты шулы ұжымдастыру және күштеп отырықшыландыру жылдары еді. Нәтижесінде барлық ел аштыққа ұшырап, жаппай қырылды. Мәскеуде оқитын еліміздің студенттерінің

жиналыстарында Қазақстандағы қиын жағдайлар жөніндегі аса үрейлі хабарлар жиі талқыланды. Республикамыздағы осындай күрделі ахуал студенттердің оқу барысына, көңіл-күйлеріне барынша кері әсер етті, олардың көбісі үйлеріне қайтуға мәжбүр болды. Дегенмен Дінмұхамед Ахметұлы шыдамдылық көрсетіп оқуды 1936 жылы ойдағыдай бітіріп, Балхаш мыс қорыту комбинатының Қоңырат руднигіне жұмыс істеуге жолдама алды. Мұнда бұрғылау станогының машинисінен рудник директорына дейінгі жолдан өтті. Рудник екінші бесжылдықтың алып базасы болғандықтан оған ерекше мәртебе беріліп, оның жұмыс барысы, инженер-техникалық кадрлары одақтық арнайы тиесілі министрліктер, Алматының сондай мекемелерінің тікелей қамқоры мен бақылауында болды.

Мұрағат құжаттарының айғағына сүйенсек, Қоңырат руднигінде жұмыс істеген алғашқы жылы жас кен инженерінің Республикамыздың басшылықтағы құрамында КСРО Халық комиссариатының мәжілісіне қатысқандығын көреміз. Бұл мәжілісті сол кездегі КСРО Үкіметі орынбасары болған Николай Булганиннің өзі өткізген. Д.А. Қонаевтың сол кездің өзінде осындай мәртебелі басқосуға шақырылуы кәсіби мамандығы мен шеберлігінің жоғарғы деңгейде болғандығын дәлелдейді. Осы мәжіліске қатысқан Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Н.А.Скворцовтың назарына жас әрі дарынды инженер Қонаев бірден ілікті. Бұл жағдай Д.А. Қонаевтың болашақ қызметінің өсуіне белгілі деңгейде ықпал етті.

Д.А. Қонаев 1939 жылы КОКП мүшесіне қабылданды. Осы жылы Н.А. Скворцов бекем шешімге келіп Алматыға шақырады. Келешегі мол мамандар санатына қосылған Д.А. Қонаев Шығыс Қазақстан облысында жаңадан құрылып

жағқан кенді Алтай қорғаныс кәсіпорнына жауапты қызметке ұсынылды. Сөйтіп, Д.А. Қонаев соғыс алдындағы жылдары және Ұлы Отан соғысының бастапқы кезеңінде майданның Қазақстандық арсеналының жауапты учаскелерінде қызмет атқарды: Алтайполиметалл комбинатының бас инженерінің орынбасары, Риддер руднигінің және Лениногор кен басқармасының директоры болды.

Әскери қорғаныс руднигі мен зауыты Мәскеу мен Алматының арнайы қызмет орындары мен партия аппаратының қатаң бақылауында болуы жұмыс тәртібіне тиімді ұйымшылдық орнатуға, еңбек өнімділігінің өсуіне, демек, кәсіпорындарының жұмысына айтарлықтай ықпал жасады. Осылардың барлығы Д.А. Қонаевтың мінезіне де, жұмыс бабындағы іс-әрекеттеріне де өшпес із қалдырды. Ол басшылық жасаудың сан-алуан қыры мен сырын үйреніп, шындалды, атап айтқанда келешекті ойлап абайы болу, нақтылы жағдайды бағалау, жүктелген жауапкершілікті толық сезіну сияқты қасиеттерді игерді. Қорыта айтқанда, осылардың бәрі Д.А. Қонаевтың қызмет бабындағы баспалдақпен жоғары көтерілуіне жол ашты, жолы болды.

Дінмұхамед Ахметұлы соғыстың бастапқы кезеңінен бастап Республика көлеміндегі номенклатуралық қызметкерлер қатарына енді. Нәтижесінде 1942 жылы сәуірде 30 жастағы Д.А. Қонаев Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесі төрағасы орынбасарының қызметіне тағайындалды. Жаңа жұмыс бабында Дінмұхамед Ахметұлына ауыр индустрия өнеркәсібінің, көлік және әскери қорғаныс салаларының жұмысын басқарып, бақылау жасау жүктелді.

Қатаң соғыс жылдары Д.А. Қонаевтың саясаткер болып қалыптасу кезеңі болды. Егер Д.А. Қонаев соғыс алдындағы аз уақыт ішінде Қазақстанның кенді Алтай секілді өлкесіндегі

билік-басқару тұтқасын игерсе, соғыс жылдарының қиынқыстау кезеңінде республикалық деңгейдегі билік жүйесіне қол жеткізді.

Ол өзінің әріптестерімен бірге республиканың жаңа өнеркәсіп алаңдарына соғыс зардабынан батыс аудандардан көшірілген ондаған кәсіпорындарын тиімді орналастыра білді және олардың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етумен бірге, республика индустриясының сапалы серпіліс жасауына ықпал етті.

Соғыстан кейінгі он жыл шамасында республика партия ұйымының басында Жұмабай Шаяхметов болғаны баршаға аян. Қонаев жаңа басшының ұйымдастыру қабілетінің жоғары деңгейде екендігіне көзі жеткеннен кейін онымен тіл табысып, мәмілеге келіп жұмыс істеді. Алайда көптеген мәселелерді шешуде екеуінің көзқарасы диаметралды карама-қарсы болды. Дінмұхамед Қонаев ғылымға негізделген шешімді ұсынды, ал Жұмабай Шаяхметов болса туа біткен дарыны мен табиғи сезіміне сүйенді.

Дінмұхамед Ахметұлының ғылымға деген талпынысы мен күштарлығы техника ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесіне диссертация қорғауына әкелді. Кандидаттық диссертацияның негізінде оның бірнеше ғылыми еңбектерді баспадан шықты. Олардың қатарында «Қоңырат руднигіндегі бұрғылау-жару жұмыстары» (1949), «Қоңырат мыс кенін қазу» (1949) және т.б. жұмыстар бар. Үш жылдан кейін, ол КСР Ғылым академиясын басқарды.

Дінмұхамед Ахметұлы ғылыми қызметке ауысқан кезеңде Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің мүшелігіне сайлануы партия жүйесі жұмысының қыры мен сырын жақсы меңгеруге көмектесті. Осыған дейін Қазақ

КСР және КСРО жоғарғы кеңестерінің депутаттығына сайланғандығы еліміздегі заң шығару құрылымын толық білуге мүмкіндік берді. Осылардың бәрі оған биліктің сапалық жаңа сатысына көтерілуіне жол ашты. Ендігі жерде кездейсоқтықтың еркімен келген және партия құрылымының шыңында отырып, қуатты қозғаушы күшке айналған тұлғаға тікелей байланысты болды. Сөйтіп Қонаевтың саяси басшы ретінде Республикамыздың екінші басшысының дәрежесіне көтерілуі Н.С. Хрущевтің тың жерді игеру бастамасына тұспа-тұс келді.

1955 жылы Қазақ КСР министрлер Кеңесінің төрағасы қызметіне тағайындалды. Кейінгі үш онжылдықтан астам мерзім тыңға байланысты мәселелер оның іс-әрекетінің басты және өзекті буындарының біріне айналып, тұрақты көңіл аударуды және қамқорлық жасауды талап етті.

Тың жерді игерудің жақсы және көлеңкелі салдары болды. Сөз жоқ, тың жерлерді игеру кең-байтақ еліміздің тұрғындарын астықпен нанмен қамтамасыз ету мәселесін шешті, жүйелі түрде елге көрнекті мөлшердегі астық жинауға қол жетті. Қазірдің өзінде де тың астығы елімізге айтарлықтай валютаның қайнар көзі ретінде, сонымен қатар, бұрынғы Кеңес республикаларымен, алыстағы шет елдермен қарым-қатынастардың кейбір мәселелерін тиімді шешуге мүмкіндік жасауда.

Дейтұрғанмен, тың жерді көтерудің экологияға, тіл мен ділге, ұлттық дәстүрге, салт-санаға, демографиялық ахуалға және т.б. әлеуметтік жағдайларға тигізген кері әсерін жасырып қалып, құпия ұстауға болмас.

1960 жылы қаңтардың 19 жұлдызында Д.А. Қонаев Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. Алайда партия қызметі

жайбарақат, жеңіл-желпі оңай басталған жоқ. Алда бірінші басшы ретінде билік-басқару жүйесінің көптеген түрлері мен әдістерін игеру ғана емес, қоғамдық-саяси жүйенің сан алуан қырлары мен сырларын білуге және игеруге тура келді. Жұмыс бабы шешілуге тиіс тек қана экономиканың кешенді мәселелерімен шектелген жоқ. Ол әлеуметтік, саяси, идеологиялық, мораль, психология, этика, халықтық дәстүр және т.б. көптеген әртекті және көп қырлы аса өткір мәселелерді қамтыды.

Бұған қосарлана Н.С. Хрущевпен кішігірім және күрделі келіспеушілік басталып кетті. Д.А. Қонаев бұл кісінің ойламай әрекет істеу төрешілдігін, дүрліктірушілігін байқады. Дегенмен оның дәрекілігі ғылымға негізделген талдау мен болжамға немқұрайлы қарауы, өзімшілдігі, валюнтаристік т.б. жағымсыз қылықтары дау-жанжал туындатты. Н.С. Хрущевпен күрделі жанжал Оңтүстік Қазақстан облысының бірнеше аудандарын Өзбекстанға беру жөнінде болды. Мәселе мынада еді: Шымкент облысының бірінші хатшысы И.А. Юсупов, облыс атқару комитетінің төрағасы А. Бердалин, Оңтүстік Қазақстан өлкесінің төрағасы А. Морозов 1962 жылдың 7 желтоқсанында Н. Хрущевқа, Д. Қонаевқа, М. Бейсебаевқа хат жолдап, Өзбек КСР-на Қазақстанның Мақта-Арал, Ильичевка, Киров аудандарының мақта өсіретін шаруашылықтарын, сонымен қоса келешекте игеруге даярланған бетпак даланың барлық жерін беруді ұсынды.

Д.А. Қонаев сол кездегі аппарат мүмкіншілігіне сай бұл ұсынысты жүзеге асыруға қарсылық білдірді, алайда Н. Хрущевтің озбырлық қысымы бәрін өз орнына қойды. Нәтижесінде Д.А. Қонаев Республиканың үкімет басшылығына қайта оралды да, Қазақстан Компартиясы

Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып И.А. Юсупов сайланды.

1964 жылдың күз айында КОКП Орталық Комитетінің басшылары ұйымдастырған жасырын әрекет нәтижесінде Н. Хрущев қызметінен аластатылды. Көп кешікпей Д.А. Қонаев қайтадан Республика Компартиясының басшысы болды. Осы қызметті 1986 жылдың 16 желтоқсанына дейін атқарды.

Дінмұхамед Ахметұлының қайтадан бірінші хатшы болуы кездейсоқ әдеттегі қызмет ауыстыру емес. Ол КОКП жүйесінде аса белгілі тұлға болды. Д.А. Қонаев 1966 жылы КОПК ОК саяси бюросы мүшелігіне кандидат, бес жылдан кейін оның толық мүшесі болып сайланды, 21 жыл үздіксіз саяси бюро құрамында болды.

Кеңес мемлекеті мен КОПК Орталық Комитетіндегі аса жоғары мәртебесі Д.А. Қонаевқа Республиканың сан қырлы мәселелерін неғұрлым қысқа мерзімде тым жедел шешуіне мүмкіндік берді. Мүмкіндікті халық мүддесіне және игілігіне шеберлікпен барынша пайдалана білді.

60-шы жылдардың ортасында ел экономикасының мазмұны мен басты бағытын анықтау кең көлемде түбегейлі шаруашылық реформасын жүзеге асыруға тікелей байланысты болды. Шындығында осы реформа соғыстан кейінгі кезеңдегі экономиканы қайта құрып өрлетудің негізгі және сүбелі бастауы еді.

1964-1984 жылдардағы 20 жыл кезең экономикадағы күрделі өзгеріс және табысы мол мерзім еді. Атап айтқанда Ертіс жағалауындағы Павлодар жылу-энергетикалық, Қарағанды-Теміртау, Павлодар-Екібастұз, Жамбыл-Қаратау, Шымкент-Кентау көмір-металлургия кешендері қалыптасты, Қарағанды 2-ГРЭС-і және Бұқтырма ГРЭС-і

іске қосылды, мұнай өндіру және мұнайды өңдеудегі іздестіру-барлау технологиясы мүлдем жаңарды, техникалық процесс өнеркәсіптің түгел дерлік саласын қамтыды. Республикада аса бағалы металдар, титан, магний, болат, шойын, мыс, вольфрам, молибден, қорғасын, мырыш, алтын, т.б. қазба байлықтар көп өндіріліп, жасанды каучукты шығару, өте ірі электротехникалық машина жасау кәсіпорындары салынып іске қосылды, химия өнеркәсібі қуатты салаға айналды.

Осы кезеңде Қазақстанның үлесіне 69% мыс қорыту, 70% қорғасын, 90% марганец, 87% фосфор тиесілі болды, көмір 220 млн. тоннаны, 70-жылдың аяғында 37 млн. дана аяқ киім шығарылды, 8 қант зауыты жұмыс істеді. 80-жылдың аяғында темір жолдың ұзындығы 15 мың шақырымнан асты. Астық өнімі 29-30 млн. тоннаға, қой 35 млн., жылқы 1 млн. астам, ірі қара саны 7 млн.-ға жеткізілді.

Республикамыздың барлық аудан орталықтары, шалғай елді мекендері, көптеген ауылшаруашылығы кәсіпорындары автокөлік жолдарымен жалғастырылды. Барлық өңірде тұрғын үйлер көптеп салынды, телефон байланысы орнатылып, барлық облыс орталықтарында көлік және теміржол вокзалдары салынды. Дәнді дақылдарды өсіруге көп мән берді. Көкөніс түрлерінің көлемін үлкейту үшін, канал мен су қоймаларының құрылысы салынды.

Сонымен қорыта айтқанда, Қазақстан Кеңес Одағы көлеміндегі алдыңғы Ресей Федеративті Республикасы мен Украинадан кейінгі үштіктің қатарына шықты.

Республикамыз жалпылама орта, кәсіби орта және жоғары білім салаларын, ғылымды дамытуда, мәдениетті өркендетуде бұрын-соңды болмаған сапалы табысқа жетті.

Д.А. Қонаев жоғарыда айтылған мерзімде Республикамыздың жетістіктерін өзінің мемуарларында тайға таңба басқандай, соқырға таяқ ұстатқандай дәлелді көрсеткіштермен баяндай келіп, Қазақстанда М.Горбачевтің ойдан шығарған «тоқырау кезеңі» дегеннің Қазақстанда болмағанын айта келіп, айтылмыш жылдарда Республика жалпы алғанда үздіксіз даму жолында болғандығы жөнінде ой қорытты. Дейтұрғанмен мына бір жәйтті ашып айту қажет. Қазақстан экономикасы КСРО халық шаруашылық кешенінің құрамдас бөлігі болғандықтан негізінде шикізат өндіру бағытында дамыды.

60-жылдың соңында, 70-жылдың басында Мәскеу мен Пекин арасындағы қатынас өте қарама-қайшылық жағдайға тап болды. Сөйтіп КСРО Қорғаныс министрлігі Бас штабының шешімі бойынша Қазақстанда өте ірі Орталық Азия әскери округі құрылды. Осының салдарынан Қазақстанда осы мекемеге қарайтын әскери бөлімдер, олардың қатарында ядролық қару-жарақпен мұздай қаруланғандар көптеп орналастырылды. Осы округтің әскери кеңесінің мүшесі әрі Республиканың жетекшісі ретінде Д.А. Қонаев оның қабылдаған саяси, стратегиялық және тактикалық шешімдеріне саяси тұрғыдан баға беру ісіне араласты.

60-70-ші жылдары Республикада өндірілетін ұлттық табыстың қомақты үлесі Қазақстанға орналастырылған осы алпауыт әскери округтың талап мұқтаждарын өтеуге кетіп жатты. Жағдайдың осылай қалыптасуында Д.А. Қонаевтың жеке басының кінәсі жоқ, ол сол орталықтың озбырлық саясатынан туындаған Қазақстан қасіретінің көрінісі еді.

Д.А. Қонаев өзінің қызмет жағдайына орай саясаттағы әдебиет пен өнердегі ұлттық және интернационалдық

мәселелерге үлкен мән беріп, олармен шындап айналысып отырды. Қазақстанның және басқа да одақтас республикалардың зиялы қауым өкілдерімен достық қатынаста болып, халықтың талантты өкілдеріне қажет болғанда көмек беріп, оларды қорғап отырды. Бұған жарқын мысал ретінде Димекеңнің кезінде Олжас Сүлейменовты «Аз и Я» кітабы үшін тағылған саяси айыптардан қорғап қалғандығын келтіруге болады.

Ұзақ жылдар Республика басшылығында болған Д.А.Қонаев халқына барынша адал қызмет еткен, жан-жақты әрі терең білімді, көп қырлы талант иесі, үлкен тұлға еді. Солай бола тұра кей жағдайда жекелеген мәселелерді талқылап, шешуге КОПК басшылығы мен КСРО-да орныққан әкімшіл-әміршіл билік жүйесінің ұстанымдарынан шыға алмады, кейбір жағдайда өзін сол жүйенің тұтқыны ретінде сезінді. Ол КСР-ның тек сөз жүзінде ғана егеменді ел болғаны жағдайында жұмыс істеді. Негізгі саяси шешім Мәскеуде қабылданып, ұлттық республикаларға міндетті түрде орындалуға тиісті нұсқау ретінде жүзеге асты. Жоғары жақтың шешіміне қалыс болу және келіспеу «партия тәртібін бұзу» немесе тіпті «ұлтшылдық» деп бағаланды.

Республика ғылымын дамыту ісі де көптеген кедергілерге кездесті. Ғылым, бірінші кезекте оның қоғамдық-гуманитарлық салалары ресми саясаттың қолшоқпарына айналды, ал мәдениет өзінің ұлттық тамырынан айырылды. Қазақ тілі аса күрделі ахуалға тап болды, өз елінде табалдырықтан аттай алмай, екі көзі жәутендеп жетім баланың күйін кешті.

Көз алдымызда Арал теңізі тартыла бастады, Семейде және басқа полигондарда үздіксіз жарылыстар болып жатты. Егерде Дінмұхамед Ахметұлы аса зор беделімен

бұйрық-әкімшіл жүйенің соққысын жұмсартпағанда, Қазақстанның территориялық тұтастығын сақтап қалуға аянбай күш жұмсалмағанда, Н. Хрущевтің 60-жылдың басында Өзбекстанға берілген аудандарды қайтарып алмағанда, халықтың бастан кешірген қасіреті бұдан да орасан көп болар еді.

80-жылдың екінші жартысында Горбачевтің «қайта құру» бағытына деген үміт ақталмады, құрғақ сөз, алдамшы уәде күйінде қалды. Қазақстанда, сондай-ақ одактас басқа республикаларда, қайта құру процесі тұйыққа тірелді. Осындай келеңсіз ахуалда 1986 жылы Д.А.Қонаев 75 жасқа аяқ басты. М. Горбачев КОКП ОК Бас хатшысы ретінде абсолютті билікке ие болып, Қонаевтың атына бұрын айтып жүрген мақтау және мадақтауын біржолата ұмытып, тіпті ештеме болмағандай қырын қарады, араларында сенімсіздік қарым-қатынас орнықты.

Қалыптасқан жағдайға байланысты Д.А. Қонаев өз еркімен қызметтен кетуге бел байлап, арыз берді.

1986 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Компартиясының ОК 18 минутқа созылған V пленумы болып, онда бір басты мәселе республикамызды ширек ғасыр басқарып, экономикалық-әлеуметтік және басқа да салалардың нұр шашып гүлденуіне өзінің өлшеусіз үлесін қосқан саяси басшыны қызметінен алып, оның орнына Геннадий Колбин сайланды. Осыған дейін КОКП Ульянов облыстық комитетінің хатшысы болған, республикамызда жұмыс істемеген және республика тұрғындары білмейтін дүмбілез адам осылайша Қазақстан басшысы болып шыға келді.

Д.А. Қонаевтың қызметтен кетуінде тұрған таңғаларлық ештеңе жоқ еді, алайда оны жүзеге асырылудың өте дөрекі

түрде орындалуы халықтың айтарлықтай тобының, ең алдымен жастардың наразылығын туғызды. 1986 жылдың 17 желтоқсанның таң атар кезінде Алматыда және Қазақстанның басқа жерлерінде студенттер мен жұмысшылардың осындай маскара шешімге қарсы бейбіт көтеріліс-шеруі басталды.

КОКП ОК 1987 жылғы қабылдаған «Қазақстан Республикалық партия ұйымының еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие беруі туралы» қаулысында 1986 жылғы желтоқсан оқиғалары ешқандай дәлелсіз «қазақ ұлтшылдығының көрінісі» деп бағаланды. Осы жексұрын саяси құжатта Д.А. Қонаевтың қызметінде менменшілдік, әділетсіздік, басқалардың пікірімен санаспау, қызмет бабын өзі мен жақындарының пайдасына бағындыру тән болды деген жалалар ұятсыздықпен айтылды. Осындай ауыр, ұжданға тиетін шешім Д.А. Қонаевтың қатысуынсыз және қандай да бір түсінік бергізбей сыртынан қабылданды. Сөйтіп әділеттіліктің омыртқасын опырды.

90-жылдың басына дейін үш жыл мерзім Дінмұхамед Қонаевты және жақындарын моральдық тұрғыдан қудалау, жамандау үздіксіз жүргізілді. Бұл ұятсыз әрекеттерден Г. Колбин мен оның құйыршықтары тыс қалған жоқ. Олар Д.А. Қонаевтың сенімді әріптестері мен ізбасарларына желтоқсан оқиғаларын ұйымдастырушылар деген «айыптар» тағып, олардың біразын қылмыстық тұрғыдан қудалады. Осындай жалған жалалармен Қазақстан Компартиясының үш облыстық комитеттерін басқарған Асанбай Асқаров, Дінмұхамед Қонаевтың көпжылдық көмекшісі Дүйсетай Бекежанов сотталды. Одақ деңгейіндегі прокуратураның тергеушілері заңда рұқсат етілмеген

өрескел әрекет, тәсілдермен Д.Қонаев және республикамыздың көптеген жауапты қызметкерлеріне компромат алуға жан ұшыра бар күштерін салды. Алайда әрекеттерінен ештеңе шықпады, жазалайтын өздеріне қажетті деректерді ала алмады, ақиқатын айтсақ ондай материалдар мүлдем жоқ еді.

Д.А. Қонаев Республикамыздың территориясының біртұтас бүтіндігін сақтап қалуға бар күшін сарқа жұмсады. Сөйтіп кезінде Өзбекстанға берген жерлерді қайтарып алды, Орталық Қазақстанда неміс автономиясын және Манғыстауды Түркменстанға беру жөніндегі шешімге үзілді-кесілді қарсы шықты, дариядай ақылмен оңтайлы іс-әрекет жасап, дуалы сөзімен көсем мінез көрсетіп елі үшін осындай игі жұмыс жасағандығын атап айтуымыз міндет.

Д.А. Қонаевтың Алматыны қазіргі заман қаласына айналдырудағы сіңірген еңбегі ерекше. Оның кезінде Республика сарайы, ҚазМУ қалашығы, Арасан сауықтыру орталығы, Медеу спорт кешені, сол жердегі шатқалдарда су тасқынына қарсы құрылыс, Үлкен Алматы каналы, 25 қабатты «Қазақстан» мейманханасы, М. Әуезов атындағы академиялық драма театры, М. Лермонтов атындағы орыс драма театры, Қазақ циркі, жастардың Неке сарайы, Ұлттық кітапхана, «Арман» кинотеатры, АХБК мәдениет сарайы және де басқа құрылыс кешендері салынып ел игілігіне айналды.

КСРО және Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің депутаты, КОКП саяси бюросының мүшесі ретінде дипломатиялық арнаулы мақсатпен ҚХР, АҚШ, Алжир, Уругвай, Иран, Италия, Үнді, Корея, Египет, Болгария, Жапония, сондай-ақ басқа да жақын және алыс шетелдерде болды.

Д.А. Қонаев жан-жақты, әртекті мемлекеттік және

қоғамдық-саяси қызмет бабын жемісті ғылыми зерттеу және ғылымды ұйымдастырып басқаруды асқан шеберлікпен ұштастыра білді.

1952 жылы КСР Ғылым академиясының академигі болып сайланды, ал 1952-1955 жылдар аралығында президенті болды.

Д.А. Қонаев Министрлер Кеңесінің төрағасы, Қазақстан Компартиясының ОК бірінші хатшысы болған кезінде Ғылым академиясын назардан тыс қалдырған емес, үнемі материалдық және қажетті қаржы бөліп тұрғызды, жаңа ғылыми-зерттеу орталықтары мен институттарын ұйымдастырды, академия қызметкерлеріне тұрғын үй салғызудағы еңбегі ғалымдардың әлі күнге дейін есінде. Осы жылдары география, сейсмология, ұйғыртану, молекулярлық биология және биохимия, органикалық синтез және көмірқышқыл химия ғылыми-зерттеу институттары ұйымдастырылып, Қарағандыда академияның Орталық-Қазақстан бөлімшесі құрылды. Сонымен қатар Батыс Қазақстанда, келешекте Шығыс және Оңтүстік Қазақстанда Қазақ КСР Ғылым академиясының бөлімшесін құру жөнінде нақтылы шаралар белгіленді, ғалымдардың аса құнды еңбектері көптеп жариялана бастады.

1980 жылдың ортасында Республиканың Ғылым академиясында 4 мыңға жуық ғылыми қызметкер жұмыс істеді. Олардың ішінде 53 академик, 85 академияның корреспондент-мүшесі, 204 ғылым докторы мен 1486 ғылым кандидаты болды. Қазақстан ғалымдарының сіңірген ерекше еңбектері мойындалып, 7 ғалымға Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, 17 ғалым Ленин сыйлығымен, 60-тан астам ғалым КСРО және Қазақ КСР мемлекеттік сыйлықтарымен марапатталды.

Д.А. Қонаев өзінің соңына аса үлкен шығармашылық мұра қалдырды, оның 450-ден астам ғылыми, ғылыми-көпшілік және публицистикалық жұмыстары жарияланды.

Д.А. Қонаевтың көптеген жұмыстары ХХ ғасырдағы республика өмірінің қоғамдық-саяси және әлеуметтік-мәдени, сондай-ақ КСРО мен Қазақстандағы ұлтаралық қатынас мәселелеріне арналған, осыған орай бірінші кезекте оның мына жұмыстарын атаған жөн: «Советтік Қазақстан» (М., 1978; Алма-Ата, 1980), «Таңдамалы сөздері мен мақалалары» (М., 1978; Алма-Ата, 1978), «Лениндік ұлт саясаты қолданыста» (Алма-Ата, 1981) және тағы басқа көптеген ғылыми еңбектер.

Д.А. Қонаев зейнеткерлікке шыққаннан кейін, КСРО және Қазақстанның ХХ ғасырдағы саяси өмірінің көптеген қырлары мен сырларын зерттеуге айтарлықтай өшпес із қалдырған бағалы «Өтті дәурен осылай» естеліктер-кітабын жазған. Бұл кітап тек Қазақстанда ғана емес, жақын және алыс шетелдерде қызығушылық танытты. Көптеген оқырмандардың сұранысы бойынша Д.А.Қонаев естеліктер-кітабының жаңа нұсқасын жазды, ол қайтыс болғаннан кейінгі келесі 1994 жылы «От Сталина до Горбачева» деген атпен басылып шықты. Қазақ тілінде бұл кітап сол жылы «Ақиқаттан аттауға болмайды» деген атпен басылды. Осы еңбектерін жариялауда көрнекті журналистер мен жазушылар – Геннадий Толмачевтың «50 встреч с Д.А. Кунаевым» және Д.А. Қонаев атындағы қор төрағасының орынбасары Серік Әбдіраимұлының Д.А. Қонаев туралы естеліктер «Елу жыл ел ағасы» жинағы басылып шықты.

Д.А. Қонаев мемлекет және халық алдында сіңірген зор еңбегі үшін үш мәрте (1972, 1976, 1982 жж.) Социалистік

Еңбек Ері деген жоғарғы атаққа ие болды, 6 рет Ленин орденімен, Еңбек Қызыл Ту орденімен және Октябрь революциясы орденімен, көптеген медальдармен, шетелдердің бірқатар ресми сыйлықтарымен марапатталды.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев 1993 жылы 22 тамызда ойда жоқта дүниеден озып, оралмас сапарға аттанды. Тамыздың 25 жұлдызында сан мыңдаған адамдар аяулы азаматпен ботадай боздап, зар шегіп, көз жасын көл етіп, қыймай қоштасты. Қорымға дейінгі азалы жолда адамдар иін тіресіп сыймай кетті, гүл шоқтарын үсті-үстіне қойып жатты. Бұл көрініс еліміздің осы дүниеден өткен заңғар көш басшысына деген шынайы сүйіспеншілігі мен құрметінің, қадірлеудің айқын көрінісі еді. Ел қайғы-мұңнан ауыр күрсінді. Сол күн ресми жарияланбаған бүкіл халықтың аза тұтқан, қаралы күніне айналды.

Халықтың көңілінде беделі биік саясатшы, табанды қайраткер, талантты біртуар басшы, телегей-теңіз терең ақылдың кені, аса білімдар, ешкімге қиянат жасамаған көсем мінезді, салиқалы, салмақты, сөзі дуалы, пәк, асқақ мұраты мен парызын адал орындаған, ұлан-ғайыр жұмыс атқарған еңбекқор, заңғар тұлға ретінде халық жадында мәңгілік сақталып қалды.

Бұл туралы онымен ұзақ жылдар жұмыс істеп және араласқан құрдастары Байкен Әшімов, Асанбай Асқаров, Қасым Таукенов, Кеңес Аухадиев, Әріпбай Албаев, жазушылар Әзілхан Нұршайықов, Олжас Сүлейменов, Қамал Смайылов, тарихшы-ғалымдар Марат Олкотт, Байдабек Төлепбаев, Манаш Қозыбаев, Алексей Ульман, Бүркітбай Аяған және басқалардың өз естеліктерінде келтірілген.

Димекен бұл дүниеден өткеннен кейін оның есімі Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының Кен институтына

берілді. Алматыда, Шымкентте, Таразда басқа көптеген қалалар мен аудан орталықтарында, ауылдық жерлерде көшелер, көптеген мектептер мен бала-бақшалар сол кісінің атымен аталды. Алматыда тұрған үйінде ескерткіш тақта қойылды. Д.А. Қонаев атындағы халықаралық қор жұмыс істейді. Мүсіні Алматыда, Шымкентте көптеген қалаларда орнатылды. Осы қалаларда Д.А. Қонаев атындағы мұражайлар жұмыс істеуде.

Дінмұхамед Ахметұлы барлық жағынан адал және кінәратсыз таза болды. Ол кісі киелі де қасиетті тұлға ретінде ұлттың мақтанышына айналды. «Елу жыл ел ағасы» деп аталатын Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев туралы естеліктерде (Алматы, 2002) Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Өз заманының заңғар ұлы» деп атаған мақаласында әділеттілік пен шынайы шындықты жария етіп «Д. Қонаев Қазақстан тарихында ірі тұлға болып қалары даусыз», – деп тұжырымдады.

Кенес Нұрпейіс
ҚР ҰҒА академигі
Тазабек Қожамқұлов,
профессор

КРАТКИЙ ОЧЕРК НАУЧНОЙ И ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АКАДЕМИКА НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Д.А. КУНАЕВА

Динмухамед Ахмедович Кунаев прожил долгую и, в целом, счастливую жизнь: он скончался на 82 году жизни. Около 45 лет он находился на вершине государственной и политической власти республики.

Д.А. Кунаев родился 12 января 1912 г. в городе Верном (ныне Алматы) в семье Минлиахмета Жумабайулы. Дед Жумабай, в прошлом аульный мугалим, прославился тем, что в 1904 году через Турцию уехал в Саудовскую Аравию и совершил хадж (паломничество) в Мекку и Медину. Его хадж продолжался 8 месяцев, лишь в 1905 году он вернулся домой через Индию и Афганистан.

После окончания школы Динмухамед Ахмедович в 1931 году по путевке Казкрайкома комсомола поступает в один из лучших вузов страны – Московский институт цветных металлов и золота. Свою учебу на горном факультете студент Динмухамед Кунаев сочетал с расширением своего культурного и политического кругозора. Он живо интересовался новостями культурной и политической жизни столицы Советского Союза.

Первые годы его учебы в Москве совпали с тяжелейшим периодом в жизни Союза ССР и Казахстана – со временем насильственной коллективизации и введением оседлого образа жизни. Результатами этой политики был массовый голод и гибель миллионов людей. На собрании казахского землячества студентов в Москве часто обсуждались эти тревожные вести из Казахстана.

Сложившаяся обстановка в республике отрицательно влияла на учебу и настроение студентов. Многие из них возвращались домой. Но Динмухамед Ахмедович в 1936 году успешно завершил учебу в Москве и получил направление на Коунрадский рудник – сырьевую базу гиганта второй пятилетки – Балхашского медеплавильного комбината. И прошел путь от простого рабочего до директора рудника. Рудник имел особый статус, поэтому работа рудника в целом и его инженерно-технических кадров контролировалась непосредственно соответствующими министерствами в Москве и такими же учреждениями в Алма-Ате.

Как свидетельствуют архивные документы, в первый год работы в Коунраде молодой горный инженер в числе других представителей республики побывал на заседании в Совете народных комиссаров СССР. Заседание проводил заместитель председателя правительства СССР Николай Булганин. Приглашение на такое высокое собрание свидетельствовало о высоком профессионализме и мастерстве Динмухамеда Ахмедовича. На этом заседании молодого талантливого инженера Д. Кунаева заметил Первый секретарь ЦК Компартии Казахстана Н.А.Скворцов, что сыграло немаловажную роль в дальнейшей карьере Д. Кунаева.

В 1939 году Д.А. Кунаев был принят в члены КП Казахстана. В этом же году Д. Кунаев, в числе других перспективных специалистов, был рекомендован Н.А.Скворцовым на ответственную работу в оборонную промышленность, создаваемую на территории Рудного Алтая новой Восточно-Казахстанской области. Так, в предвоенные годы и в начале Отечественной войны

Д.А.Кунаев работал на ответственном участке оборонной промышленности: заместитель главного инженера комбината «Алтайполиметалл», директор Риддерского рудника, затем Лениногорского рудоуправления.

Оборонная принадлежность рудника и завода, пристальное внимание Москвы и Алматы, жесточайший контроль спецслужб и партийного аппарата основательно сказывались на дисциплине, организованности предприятия и росте производительности труда. Все это наложило на характер и конкретные действия Д.К. Кунаева свои отпечатки: он приобрел и укрепил такие качества руководителя как аккуратность, обязательность, осторожность, расчетливость, деловитость, ответственность, которые оченьгодились ему в продвижении по служебной лестнице.

С началом войны Динмухамед Ахмедович попадает в номенклатурную картотеку республиканского масштаба. В апреле 1942 года 30-летний Д.А. Кунаев становится заместителем Председателя Совета народных комиссаров Казахской ССР. На новой должности Динмухамеду Ахмедовичу поручается контроль за работой предприятий тяжелой индустрии, транспорта и оборонных отраслей.

Суровые военные годы стали временем становления Д. Кунаева как политика. Если перед войной он в кратчайший срок освоил механизм властно-управленческого комплекса в условиях определенного региона Казахстана (Рудного Алтая), то в годы военного лихолетья он становится деятелем республиканского масштаба.

Ему совместно со своими коллегами удалось разместить на плохо приспособленных промышленных площадках десятки эвакуированных из западных районов

страны предприятий, обеспечить бесперебойную работу оборонных отраслей, подготовить резервы для рывка республиканской индустрии вперед.

Почти десять послевоенных лет во главе республиканской партийной организации находился Жумабай Шаяхметов. Кунаев сумел сработаться с ним, убедившись в высоких организаторских способностях нового шефа, хотя подходы к решению целого ряда проблем Д. Кунаева и Ж. Шаяхметова были диаметрально противоположными: Динмухамед Кунаев тяготел к научно-обоснованным решениям, а Жумабай Шаяхметов полагался на прирожденную интуицию и здравый смысл.

Тягу к научным подходам Динмухамед Ахмедович закрепил защитой кандидатской диссертации на соискание ученой степени кандидата технических наук в 1948 году. На основе кандидатской диссертации он публикует ряд работ, в том числе «Буро-взрывные работы на Коунрадском руднике» (Алма-Ата, 1948), «Разработка Коунрадского месторождения медных руд» (Алма-Ата, 1949) и др. Через три года он возглавил Академию наук Казахской ССР.

Уже в период перехода на научную деятельность Динмухамед Ахмедович избирается членом ЦК Компартии Казахстана, что помогает ему хорошо освоить механизм партийной работы. До этого он был избран депутатом Верховного Совета Казахской ССР и депутатом Верховного Совета СССР, что дало ему возможность получить полное представление о законодательных структурах страны. Все это позволило ему выйти на качественно новый уровень власти. Теперь многое зависело от воли случая и внимания тех, кто был движущими фигурами в верхних слоях

партийных структур. Карьера Д. Кунаева, как политического деятеля – второго руководителя республики, совпадает с инициативой Н.С. Хрущева освоения целины.

В 1955 году он был назначен Председателем Совета Министров КазССР и последующие три с лишним десятилетия целина оставалась одним из главных участков, требовавших от него постоянного внимания и заботы.

Подъем целины имел как позитивные, так и негативные последствия. Да, целина тогда позволила получить сразу же необходимое количество зерна, решить проблему снабжения хлебом населения в рамках огромной страны. И сегодня целинное зерно является наиболее значимой валютой, позволяя Казахстану решать отдельные проблемы взаимоотношений в рамках СНГ, да и в дальнем зарубежье.

Тем не менее, нельзя не сказать о негативных факторах подъема целины, касающихся экологии, языковой и демографической ситуаций.

Начало 60-х годов ознаменовалось тем, что 19 января 1960 г. Д.А. Кунаев был избран Первым секретарем ЦК Компартии Казахстана. Партийная работа началась для Д.А. Кунаева непросто. Предстояло освоить формы и методы не властно-управленческого типа, а общеполитического, которые включали в себя целый комплекс вопросов не только экономики, но и проблемы идеологии, морали, психологии, этики и многое другое.

К тому же возникли некоторые разногласия с Н.С.Хрущевым. Д.А. Кунаев воочию наблюдал неординарность этого человека и в то же время поражался его грубости, спесивости, пренебрежению к трезвому научному анализу и прогнозам. Самая серьезная стычка

Д.А. Кунаева с Н. Хрущевым произошла по поводу передачи ряда районов Южного Казахстана Узбекистану. Дело в том, что первый секретарь Чимкентского обкома партии И.А. Юсупов, председатель облисполкома А. Бердалин, председатель Южно-Казахстанского крайисполкома А. Морозов 7 декабря 1962 года обратились к Н.С. Хрущеву, Д.А. Кунаеву и Председателю Совмина республики М. Бейсебаеву с письмом, где предлагалось, исходя из государственных интересов дальнейшего углубления специализации и правильного размещения сельскохозяйственного производства, рассмотреть вопрос о передаче Узбекской ССР хлопкосеющие хозяйства Пахта-Аральского, Ильичёвского и Кировского районов, а также все земли, подлежащие обработке на центральном массиве Голодной степи.

Д.А. Кунаев в рамках аппаратных возможностей сопротивлялся реализации выше названного предложения, но нажим Н. Хрущева расставил все по своим местам. В результате Д. Кунаев вернулся на пост руководителя правительства республики, а И. Юсупов стал Первым секретарем ЦК Компартии Казахстана.

Осенью 1964 г. в результате организованного заговора в ЦК КПСС Н. Хрущев был смещен с поста первого секретаря. Вскоре Д.А. Кунаев снова занял пост лидера республиканской компартии и находился на этой должности до 16 декабря 1986 года.

Возвращение Динмухамеда Ахмедовича в кресло первого секретаря не было обычным продвижением. Он стал поистине фигурой в КПСС. В 1966 году Д.А. Кунаев входит в когорту партийного Олимпа – становится кандидатом в члены Политбюро ЦК КПСС, а еще через

пять лет его статус вновь повышается, он – полноправный член Политбюро. В общей сложности, в составе политбюро он находился 21 год.

Новый статус открыл перед Д.А. Кунаевым новые направления работы, позволил ему более оперативно, в сжатые сроки решать основные проблемы социально-экономического и культурного развития республики.

Главное содержание и основную направленность середины 60-х годов определила хозяйственная реформа. Эти мероприятия были, пожалуй, самой крупной за весь послевоенный период попыткой реорганизации экономики в целом.

